

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 66 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2023 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 276 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 7 желтоқсанда № 8928-16 болып тіркелді

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 66 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2023 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8828-16 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайтында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Е. Кошербаев

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 276 қаулысына қосымша

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 5 сәуірдегі
№ 66 қаулысына қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2023 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

				Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет
--	--	--	--	-------------------	----------------------

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы							
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:						
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	38 803	388 030,000	21 635	216 350,000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	8 934	134 010,000	7 668	115 020,000
2.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	Сатып алынған бас	150 000	634	95 100,000	979	146 750,000
3.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:						
3.1	Отандық	Сатып алынған бас	150 000	1 705	255 750,000	798	119 700, 000
3.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	23	5 175,000	51	11 475,000
	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген						

4.	немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы килограмм	200	43 273	8 654,600	-	-
	Барлығы:				886 719,600		609 295,000
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы							
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:						
1.1	Қ о с жынысты	Сатып алынған доза	5 000	3 462	17 310,000	169	845,000
1.2	Б і р жынысты	Сатып алынған доза	10 000	3 700	37 000,000		
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:						
2.1	Отандық	Сатып алынған бас	200 000	49	7 350,000	152	30 400,000
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:						
3.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылықтар	Өткізілген немесе өңделген килограмм	45	20 889 722	940 037,490	11 218 097	504 814,365
3.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылықтар		30	13 237 921	395 222,790	9 783 731	293 511,935
3.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылықтар		20	5 436 568	108 731,360	1 921 830	38 436,560

3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		20	272 091	5 441,820	-	-
	Барлығы:				1 511 093,460		868 007,860
Етті құс шаруашылығы							
1.	Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	600	43 156	25 893,600	32 463	19 477,800
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату:						
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	80	24 357 198	1 948 575,840	37 044 023	2 963 521,840
	Барлығы:				1 974 469,440		2 982 999,640
Шошқа шаруашылығы							
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас / шағылыстыру маусымы	40 000	2 700	108 000,000	452	18 080,000
	Барлығы:				108 000,000		18 080,000
Қой шаруашылығы							
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:						
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас / шағылыстыру маусымы	4 000	14 187	56 748,000	10 302	41 208,000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	35 003	87 507,500	20 625	51 562,500
2.	Отандық асыл тұқымды		15 000	5 357	80 355,000	963	14 445,000

	қойлар сатып алу	Сатып алынған бас					
	Барлығы:				224 610,500		107 215,500
Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражаты есебінен:							
Бал ара шаруашылығы							
1.	Балара ұяларымен селекциялы қ және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Бал ара ұясы / маусым	5 000	12 950	64 750,000	-	-
	Барлығы:				64 750,000		
Марал шаруашылығы							
1.	Маралдард ың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялы қ және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Б а с / шағылысты ру маусымы	10 000	617	6 170,000	-	-
	Барлығы:				6 170,000		
	Жиыны сома				4 775 813,000		4 585 598,000
Сот шешімі бойынша							
Етті құс шаруашылығы							
1.	Құс етін өндіру құнын арзандату:						
1.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген немесе өңделген килограмм	60	2 579 661	154 779,660	-	-
	Барлығы:				154 779,660		
	Жиыны сома:				154 779,660		